



Құрметті студент!

2017 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011400	«Тарих»	1. Педагогика 2. Тарихты оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Түркі халықтарының тарихы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Тарихты оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Түркі халықтарының тарихы

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Тұлға дамуының негізгі бағыттары:

- A) психикалық
- B) қызығушылық
- C) танымдық
- D) білімдік
- E) тәрбиелік

2. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Психологиялық
- B) Флегматикалық, меланхоликалық
- C) Холерикалық
- D) Психофизиологиялық
- E) Сангвиникалық

3. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Педагогикалық эксперимент
- B) Социологиялық сауалнама
- C) Әлеуметтік, педагогикалық
- D) Психологиялық сауалнама
- E) Арнайы педагогикалық

4. Оқу-тәрбие процесінің ұстанымдары:

- A) Педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді оқушылардың қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру
- B) Педагогикалық процестің ізеттілігі, нысандық бағыттылығына ғана сүйенуі
- C) Педагогикалық процесс табиғи процесс болып табылады
- D) Тек педагог іс-әрекетінің нәтижелілігін қарастыруы
- E) Педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді сынып жетекшісінің қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру
- F) Педагогикалық процестің қоғам талабына сәйкестілігі
- G) Іс-әрекеттің оқушының тек дүниетанымын қалыптастыруға бағыттылығы
- H) Іс-әрекеттің сана мен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы

5. Тәрбиенің мақсаты:

- A) ата-ана міндеттері
- B) тәрбиеленуші шешетін міндеттер
- C) амалдар жүйесі
- D) тәрбие сипаттамасы
- E) мектептің мақсаты
- F) тәрбиеленушілерді жағымды іс-әрекетке өзгертуге бағыттылық
- G) жоғары мәдениетке ұмтылыс нәтижесі

6. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) тұрмыстық көзқарастар
- B) дағдылар
- C) сенімдер
- D) практикалық іскерліктер
- E) ғылыми-білімдер жүйесі
- F) діни білімдер

7. Басқару стилі бойынша:

- A) мектептік
- B) адамгершілік
- C) отбасылық
- D) діни
- E) демократиялық
- F) либералдық

8. Оқу бағдарламаларының түрлері:

- A) Типтік
- B) Авторлық
- C) Өзіндік
- D) Тұлғалық
- E) Мектеп
- F) Мемлекеттік

9. Қазіргі педагогиканың әдіснамасы:

- A) Бір нәрсені тану туралы ғылым
- B) Тәрбие құралдары туралы ілім
- C) Әдіс туралы ғылым
- D) Баланың дамуын зерттейтін пән
- E) Зерттеу үдерісі туралы ілім
- F) Тәсіл туралы ғылым
- G) Оқыту ұстанымдарын зерттейтін ғылым

10. Педагогикалық процессті зерттеген ғалым педагогтар:

- A) А.И.Герцен
- B) Ю.К.Бабанский
- C) Б.Т.Лихачев
- D) В.Г.Белинский
- E) К.Д.Ушинский

11. Тәрбие әдісі:

- A) мақсатқа жету жолы
- B) тәрбиеші мақсаты
- C) тәрбиеші әрекеті
- D) тәрбиеленуші әрекеті
- E) тәсілдер жиынтығы
- F) өзара әрекет ету амалы
- G) құралдар жиынтығы

12. Ұжымның өзіндік маңызды белгілері:

- A) Жеке әлеуметтік мақсат
- B) Қарама-қарсы жауаптарға тәуелділік
- C) Жеке таңдалған басқарушы орган
- D) Бірлескен ортақ іс-әрекет болуы
- E) Ұжымдық дәстүрдің болуы
- F) Өзіндік мәнді мақсат
- G) Жеке әлеуметтік іс-әрекет

13. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Жағдаятты талдау
- B) Байқау
- C) Бақылау
- D) Контент талдау
- E) Жеке дара және топтық әңгімелесу
- F) Тәжірибені қарастыру

14. Тәрбиеде ата-аналардың жіберетін негізгі қателіктері:

- A) Тәрбиелік іс-әрекеттің жүйесіздігі
- B) Тәжірибесіздік
- C) Мінез-құлық ерекшеліктері
- D) Педагогикалық сауатсыздық
- E) Насихат, жазғыру, ұрсу

15. Дидактика ғылым ретінде қарастырады:

- A) Қалай оқытамыз
- B) Қашан оқытамыз
- C) Отбасында оқытамыз
- D) Қай жерде оқытамыз
- E) Не үшін оқытамыз
- F) Нені оқытамыз

16. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерімен айналысқан зерттеушілер:

- A) А.М.Раевский
- B) В.И.Безруков
- C) И.Т. Волков
- D) М.В. Огородников
- E) В. Оконь

17. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгілері:

- A) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- B) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушының өзіндік білімін көрсете алуы
- C) Жалпы іс-әрекеттің негізінің болуы
- D) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- E) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- F) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- G) Жалпы іс-әрекет негізінің болмауы
- H) Жалпы нәтижелердің болуы

18. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- B) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет
- C) Отаншылдық қасиетін арттырады
- D) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- E) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- F) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет

19. Оқушылардың білімі, білік дағдыларын тексеру және бағалау

- A) Жаттығу, лабораториялық сабақ, әңгімелеу
- B) Күнделікті бақылау, сабақта баға қою
- C) Әңгімелесу, диспут
- D) Кайталау, есте сақтау
- E) Әңгіме, кітаппен жұмыс
- F) Әңгіме, лекция, әңгімелесу

20. Оқытудың әдістері (Г.И.Шукина):

- A) Білікті қалыптастыру әдістері; эвристикалық
- B) Ақпараттық-дамыту әдістері; эвристикалық оқыту
- C) Білікті қалыптастыру
- D) Білімді, білік және дағдыны жетілдіру мен бекітуді оқыту
- E) Дағдыны қалыптастыру
- F) Білімді жетілдіру
- G) Жаттығу, практикалық жұмыс

21. Ақпараттық технология:

- A) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- B) Адам іс-әрекеті арқылы ауызша, жазбаша немесе басқа түрлі тәсілдермен жеткізілетін қажетті мағлұматтар жиынтығы
- C) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- D) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- E) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- F) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- G) Ақпаратты өңдеумен байланысты процестер

22. Оқу орындарының инновациялық талаптары:

- A) Оқу-тәрбие үдерісіне құралдар мен медиа жүйелерді енгізу
- B) Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелі болуы
- C) Жеке тұлғаның тек дарынын дамыту
- D) ҚР азаматтарының білім алу құқығына толық ие болу
- E) Жеке тұлғаның білімінің және дарынының дамуына жағдай жасалу
- F) Оқушыларды белгілі кәсіпке бейімделу
- G) Оқу-тәрбие үдерісін педагогтың мүмкіндігіне сәйкестендіру

23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:

- A) Ақпараттық
- B) Прагматикалық
- C) Бағалаушылық
- D) Жобалаушылық
- E) Жекелеген

24. Г.И. Шукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) дидактикалық
- B) жобалаушылық
- C) ұйымдастырушылық
- D) зерттеушілік
- E) ғылыми
- F) басқарушылық

25. Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға әсер етеді:
- A) ұжымдағы моральдық-психологиялық жағдай
 - B) оқыту принциптері
 - C) жергілікті әкімшілік талаптары
 - D) мұғалімдердің мәртебесін көтеру
 - E) ата-аналардың сұрақтары
 - F) пәндік әдістемелік бірлестіктердің өзара бәсекелестігі

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тарихты оқыту әдістемесі

1. Әдістемелік тәсілдер:

- A) Нақты міндеттерді шешуге бағытталған әрекет
- B) Тақта және бор, электронды оқу құралдарын пайдалану
- C) Мұғалімнің басшылығымен оқушыларды тұтас зерттеуді ұйымдастыру
- D) Үлгілерді, макеттерді жасау
- E) Оқыту тәсілдерінің жиынтығы
- F) Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін орындалатын тәсілдер

2. Тарих пәні бойынша оқу құралына жатады:

- A) Ұлттық жоспар
- B) Жұмыс дәптерлері
- C) Мемлекеттік білім стандарты
- D) Карталар
- E) Оқу жоспары
- F) Оқу бағдарламасы

3. Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасының міндеттері:

- A) Экономиканың серпінді дамыту
- B) 12 жылдық мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, білім беру мазмұнын және ерекшеліктерін ашу
- C) Қоғамды демократияландырудың ерекшеліктерін түсіндіру
- D) Тұжырымдаманың күтілетін нәтижелерін анықтау
- E) 12-жылдық білім беруге өтудің қаржылық-экономикалық негіздемесін дайындау

4. Білім алушылардың білім көлемі анықталады:

- A) Жоғары оқу орындарының типтік бағдарламаларында
- B) ЖОО-ң оқу-әдістемелік кешендерінде
- C) Мектеп бағдарламаларында
- D) Дидактикалық және әдістемелік жиындарда
- E) Ғылым академиясының жиындарында
- F) Мемлекеттік стандартта
- G) Оқу жоспарларында

5. Тапсырма бөлінеді:

- A) Қорытындыға
- B) Кестеге
- C) Ауызша
- D) Жазбаша
- E) Графикалық

6. Оқыту әдістемесінде:

- A) Бағдарлама мазмұнына талдау жасалады
- B) Тарихи білім берудің құрылымы анықталады
- C) Оқу процесіндегі мұғалім мен оқушының өзара іс-әрекеті қалыптасады
- D) Жаңа оқулықтарға талдау жасалады
- E) Оқушыларға психологиялық мінездеме беріледі
- F) Оқушы әрі объект, әрі субъект
- G) Нақты міндеттерді шешуге бағытталады

7. Оқыту әдістері:

- A) Оқыту бағдарламасының бағыттары
- B) Оқу процесіндегі мұғалім мен оқушының өзара іс-әрекеті
- C) Оқу-әдістемелік әдебиеттерді түсіну
- D) Оқушыға білмегенін үйрету жолы
- E) Оқу материалын ұйымдастыру тәсілі
- F) Курстың тақырыптарын зерттеу
- G) Тарих пәні бойынша оқу кешендері

8. Тарих бойынша патриоттық тәрбие беру:

- A) Қазақ халқының озық дәстүрлерін қабылдау
- B) Қоршаған орта тазалығын сақтау
- C) Қазақстан жеріндегі өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарау
- D) Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау
- E) Мұсылман халқын құрметтеу
- F) ҚР рәміздеріне сүйіспеншілік
- G) Қазақ халқының ерлігі туралы тарихи білім
- H) Барлық халықтың рухани құндылықтарын білу

9. Құзырет – жеке адамға байланысты сапаларының жиынтығын қамтиды:

- A) Жетістікке сенімділікті
- B) Тәжірибе ауқымын
- C) Білім деңгейін
- D) Бақылау дәрежесін
- E) Оқушының ынтасын

10. Кейс-стади – болжау әдісі:

- A) Нақты оқиғаларды баяндау арқылы оқыту
- B) Ғылымның даму кезеңдерін салыстыра отырып, таным үрдісін қалыптастыру
- C) Оқушылар өздеріне берілген жағдайдан шығу жолын қарастырады
- D) Оқушылар бірнеше деректегі мәліметтерді айтып беруге тырысады
- E) Оқиғалардағы оң мәселелерді талдау арқылы оқыту

11. Дәстүрлі емес пікірталас сабақтарына жатады:

- A) Пресс-конференция, дөңгелек үстел
- B) Конференция, дәріс сабақтары
- C) Дәріс сабақтар
- D) Жарыстар, турнирлер
- E) Кино, видео и теле сабақтар
- F) Пікірталас, семинар сабақтары
- G) Телемост, телебағдарлама, брифинг сабақтары

12. Тарих бағдарламасының құрамдас бөлігі-түсінік хатта көрсетіледі:

- A) Бағдарламаның ерекшеліктері
- B) Тақырып бойынша сұрақтар
- C) Оқытудың мақсат-міндеттері
- D) Оқыту нәтижесін тексеруге арналған тапсырмалар
- E) Оқу-әдістемелік кешеннің тізімі
- F) Мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай білімнің міндеті
- G) Пәннің базалық мазмұны
- H) Пәнді оқытуды жетілдіру

13. Мұғалімнің нәтижелілік жұмысының қағидасы:

- A) Тәрбиелеу процесінде проблемаларды анықтау
- B) Оқушыларды жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде тәрбиелеу
- C) Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау
- D) Оң нәтижелерін анықтау
- E) Мұғалімнің беделін көрсету
- F) Білім алушылардың оқудан тыс іс-шараларын қорытындылау

14. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:

- A) Әр оқушыға, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді
- B) Әрбір оқушы өзінің даму деңгейіне қарай білімді меңгереді
- C) Оқушылардың таным қабілеттері бір деңгейді құрайды
- D) Тақырып бойынша білім, білік, дағдыларды игеру мақсатында жұмыс жасайды
- E) Сыныптағы оқушылар құрамы әр кез тұрақты болады
- F) Мұғалімнің талаптарын орындайды
- G) Оқушы мұғалімнің рұқсатымен жауап береді

15. Компьютерлік оқыту технологиясын қолданудың мүмкіндіктері:

- A) Психологиялық басқару
- B) Дамыта оқыту
- C) Диалогты сұхбаттасу
- D) Топтық жұмыс
- E) Басқару
- F) Жеке ақпараттық кеңістік, талдау және тексеру құралы
- G) Мұғалім негізгі рөлді алады

16. Қазақстанда білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін зерттеушілер:

- A) А.С.Макаренко
- B) Ш.Т.Таубаева
- C) К.Бұзаубақова
- D) Ж.А.Қараев
- E) Ж.К.Қоянбаев
- F) Ә. Табылдиев
- G) Қ.Б. Жарықбаев
- H) С. Қалиев

17. Дәстүрлі дидактикалық оқыту тұжырымдамасында қызметі басым:

- A) Оқушылардың жоспарсыз іс-әрекетінің
- B) Оқушының
- C) Жекелеген оқушының
- D) Педагогтың
- E) Балалар тобының өзіндік шығармашылық қызметінің
- F) Оқушылардың жұптық топтарының
- G) Тарих пәні мұғалімінің

18. Тарих пәнінен азаматтық-құқықтық тәрбие беру бағыттары:

- A) Табиғат тазалығын сақтау
- B) Ақыл-ой тәрбиесі
- C) Дене тәрбиесі
- D) ҚР Конституциясын білу
- E) Өз мемлекетіне деген патриоттық сезімді қалыптастыру

19. Тарих пәнінің биология және экология пәндерімен пәнаралық байланысы көрінеді:

- A) Аймақтың әлеуметтік құрылымын оқып білуде
- B) Адамзаттың пайда болуы туралы білуде
- C) Оқушы мен мұғалімнің сөйлеу қарым-қатынасында
- D) Қазіргі жаһандану мәселелерін анықтауда
- E) Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын түсінуде
- F) Табиғи-географиялық факторларды анықтауда

20. Тарих пәні бойынша өлкетану жұмыстарының түрлері:

- A) Тарихи-өлкетану кештерін ұйымдастыру және өткізу
- B) Тарих пәні бойынша оқушылардың іскерлігіне бақылау жүргізу
- C) Археологиялық жұмыстар жүргізу
- D) Археологиялық экспедицияға қатысу
- E) Тарихты оқытудың әдістерін зерттеу
- F) Оқулықтармен қамтамсыз ету
- G) Пәндік олимпиадаларға қатысу
- H) Тарихи терминдермен жұмыс

21. Сыртқы белгілері бойынша көрнекі құралдар топтастырылады:

- A) Бейнелеуші
- B) Иллюстрациялық
- C) Карталар
- D) Экрандық
- E) Баспа

22. Қазіргі білім берудегі құзыреттілік тәсілінің сипатты белгілері:

- A) Ойлау тактикасы
- B) Ойлау стратегиясы
- C) Аспаптық байыту
- D) Сыни ойлау
- E) Инновациялық оқыту

23. Тарих сабағында қолданылатын құжаттарға қойылатын талаптар:

- A) Мазмұны тартымсыз
- B) Тарихты оқытудың мақсаты мен міндетіне сәйкес
- C) Мұғалімнің жеке архивіндегі кез-келген тарихи құжат
- D) Сыныптағы кейбір оқушылар үшін ғана түсінікті
- E) Мазмұны күрделі және көлемді
- F) Тарихи кезеңдегі қосымша факт

24. Синхрондық кесте мәні:

- A) Тарихи үдерісті әлемдік жағдайда қарастыру
- B) Елдегі мазмұны ұқсас тарихи оқиғаларды талдау
- C) Түрлі кезеңдегі ұқсас тарихи оқиғаларды анықтау
- D) Қазақ халқының мәдениетін дербес қарастыру
- E) Тарихи оқиғалардың хронологиялық ауқымын жүйелеу
- F) Заңдылықтардың тарихи үдеріс мәнін жеке түсіну

25. Мектептегі өлкетану жұмысына қойылатын талаптар:

- A) Оқушылардың пән бойынша үлгерімін бақылау
- B) Жинақталатын материалдар өлке тарихымен байланыстыра оқыту
- C) Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу
- D) Оқушыларға психологиялық зерттеулер жүргізу
- E) Мектеп оқулықтарына пікір жазу
- F) Көрнекі құралдарды қолдан жасау

**Тарихты оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Оқушылармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізетін мектептен тыс мекемелер:

- A) лицей, гимназия
- B) кітапханалар
- C) аудандық, қалалық құқық орындары
- D) еңбекті қорғау мекемесі
- E) сауықтыру, еңбек лагерьлері
- F) өнер, музыка мектептері

2. Тәрбие әдісі:

- A) Әдістерді тиімді пайдалану
- B) Тәрбие мақсатына сай оқушы санасы мен ерік-күшіне ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы
- C) Педагогтің еңбек жолы
- D) Оқушының өзінің еңбегімен жеткен жетістігі
- E) Өртүрлі іс-әрекеттер ұйымдастыру
- F) Жеке дара әрекетті ұйымдастыру

3. Дене тәрбиесінің міндеттері:

- A) Денсаулықты нығайту және шынықтыру
- B) Спорт саласында оқушылармен бірлікте табыстарға жету
- C) Баланың жеке басы сұлулығын қалыптастыру, талғамын тәрбиелеу
- D) Мектептегі ережелерді және қоғамдық нормаларды сақтап, орындау
- E) Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру
- F) Дене шынықтыру және спорт саласында арнаулы білімдер беру

4. Баланың жағымды іс-әрекетін, мінез-құлқын бағалап, оны көпшілік, ұжым алдында жария ету әдісі:

- A) Сендіру
- B) Талап қою
- C) Мадақтау
- D) Жаттықтыру
- E) Марапаттау

5. Қиын балалардың ерекшелік белгілері:

- A) тұрақты жаман қасиеттер жиынтығы (өзімшілдік, өтірікшілік)
- B) танымдық, өнертапқыштық жұмыстарға құштарлық
- C) ұжым арасындағы ынтымақтастық
- D) отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылуы
- E) философиялық мәселелерге көп ойлануы
- F) кітап оқуға құмарлық

6. Сынып жетекшісінің негізгі қызметі:

- A) Жарыстыру
- B) Сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- C) Оқыту процесін бақылау
- D) Тәрбиелеу
- E) Оқушыларды және сынып ұжымын зерттеу

7. Ұжымдық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің қызметтері:

- A) Тәрбиелік
- B) Диагностикалық
- C) Емдеу сауықтыру
- D) Марапаттау
- E) Жаттықтыру
- F) Тәртіптілік
- G) Мадақтау мен жазалау

8. Тәрбие жоспарын жасауда қойылатын талаптар:

- A) көлемі екі баспа табақтан аспауы
- B) күнделікті өз мерзімінде жасалуы
- C) сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының педагогтің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі
- D) оқылатын пәндерді көрнекілікпен қамту, әдістемесін түрлендіру
- E) жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі
- F) жоспардың нақтылығы
- G) өмірмен тығыз байланыстылығы

9. Оқушылар ұжымының өзіндік белгілері:

- A) Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы
- B) Ортақ сайланған басқару ұйымның болуы
- C) Әртүрлі ғылыми салаларымен байланыста болуы
- D) Әртүрлі ұжымдармен байланыста болуы
- E) Сынып жетекшісінің үйрете білу әрекетінің болуы

10. ҚР дарынды балалармен жұмыс жасайтын мекемелер:

- A) Қосымша білім беру мекемесі
- B) Қазақстан халықтары Ассамблеясы
- C) Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептердің желісі
- D) Назарбаев зияткерлік мектептері
- E) отбасын жоспарлау орталығы
- F) Ана мен бала орталығы
- G) Отбасылық балалар үйі

11. Сынып жетекшісінің отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) Қамқоршылар кеңесі
- B) Ата-аналар комитеті (алқасы)
- C) Ата-аналардың отбасында маңызды шешім қабылдауына басшылық
- D) Құрылтайшылар кеңесі
- E) Басқару мәдениетін меңгеру
- F) Ата-ананы ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетін ұйымдастыру

12. Ата-аналар жиналысын өткізуде тиімділігі зор жұмыстар:

- A) Оқушыларды әрдайым тұрақты қатыстыру
- B) Ата-аналардан бала тәрбиесі туралы кеңестер алу
- C) Жиналысты балалармен мереке түрінде өткізу
- D) әріптестер мен басшыларды тұрақты қатыстыру
- E) Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тексеру
- F) Балалардың жетістіктерін мадақтау
- G) ата-аналармен жеке әңгімелесу

13. Үйірме жұмыстарының маңызы:

- A) ата-аналардың бала тәрбиесі туралы білімдерін тереңдетеді
- B) мектептегі сабақтарды қайталайды
- C) кәсіби бағдар береді
- D) авторитарлық тәрбие жүзеге асырылады
- E) оқылатын пәндер көрнекілікпен қамтылып, педагогтар тәжірибе алмасады

14. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысын ұйымдастырушының міндеттері:

- A) сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек беру
- B) оқушыларды ұжым болып пікірталастыруға үйретеді
- C) тәрбие жұмысын бақылау, тексеру, түзету, озат тәжірибені тарату
- D) мектеп директоры мен сынып жетекшілерінің қарым-қатынасын жақсарту
- E) тәрбие жұмысын жоспарлау, үйлестіру

15. Жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) өнер көрсетуге даярлау
- B) сынып сағаты, кештер, сайыстар
- C) тәрбие жоспарын талдау
- D) хабарлама даярлау
- E) сценарий мен жоспарлар жазу
- F) мектепшілік жұмыстарды ұйымдастыру

16. Еңбек нәтижесін құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу мақсатында айтылған ырымдар мен тыйым сөздер:

- A) нанды лақтырма
- B) ағын суды ластама
- C) үлкеннің алдын кесіп өтпе
- D) басыңды шайқама
- E) қайта ашатын есігіңді қатты жаппа
- F) нанның үгіндісін аяққа баспа
- G) жеміс ағашын сындырма

17. Сынып жетекшісі мен оқушылардың тәрбие жұмысын жоспарлауда бірлігі мен ынтымақтастығының деңгейі төмендегі жағдайларға тәуелді:

- A) тәрбие үлгілеріне
- B) жоспарлаудың алдыңғы тәжірибесіне
- C) ата-аналардың даярлығына
- D) оқушылардың талантына
- E) тәрбиенің басым бағыттарына

18. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- A) мектептің ата-анамен біріге шара ұйымдастыру
- B) өзін-өзі басқару кеңесі
- C) баланы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу
- D) ата-аналарға кеңес
- E) ұжымның маңызды шешім қабылдауына мүмкіндік жасау
- F) құрылтайшылар кеңесі
- G) педагогикалық білімдер университеті

19. Мінез- құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) Ата-анамен жұмыс
- B) Пікірталас
- C) Тәрбиелік жағдаяттар
- D) Мадақтау
- E) Мектептегі әдістемелік кеңес
- F) Жазалау

20. Тәрбие, адамды сүйеге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) баланың еңбегі мен ісін бағалауы
- B) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауы
- C) балаға тұрақты дұрыс қатынасы
- D) ерік-жігердің бірлігі
- E) үдерістің аса қарқындылығы

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) жарыс
- B) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- C) марапаттау
- D) этикалық әңгіме талдату
- E) мадақтау

22. Отбасы тәрбиесі, экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, имандылық (конфессионалдық) тәрбиесі кіреді:

- A) Кешенді тәрбие жұмысы
- B) Институтционалдық белгісіне
- C) Оқу-тәрбие жұмыстарының бағыттарына
- D) Қарым-қатынас стиліне
- E) Жазалауына
- F) Мазмұнына
- G) Ынталандыруына

23. Тәрбие үдерісінде тәрбиенің сапасына ықпал жасайтын басымдылықтар:

- A) Сыртқы қарама-қарсылықты жою
- B) Объективті және субъективті факторлар әрекетінің байланысы, педагогикалық өзара әрекеттегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігі
- C) Тәрбиенің негізгі міндеттері мен мақсаттарын қамтитын үдерісті жоспарлау
- D) Мектеп пен жанұядағы байланысты дамыту
- E) Тәрбиемен ұштастыра дамытудағы және оқыту үдерістерінің басымдылығын, тәрбиелік ықпалдың сапасы және педагогикалық әсер ету үйлесімділігі
- F) Жаңа сапалардың бағыттылығын анықтау
- G) Тәрбие үдерісінің өту жағдайларындағы кедергілер
- H) Қалыптасқан тәрбиелік қатынастар, әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың бір-біріне үйлесуі

24. Қиын балаларды болдырмау, теріс, жағымсыз әдеттерді жою және алдын алу жұмыстары:

- A) сынып сағаттары
- B) бастапқы кезең және жұмыс әдістемесі
- C) тәрбие объектісі, аспектілері
- D) қиын балаларды оқудан шығару, жазалау
- E) тәрбие жоспары
- F) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңестер

25. Пікірталас маңызы:

- A) оқушының талап-тілектері тәжірибе жүзінде іске асыруы
- B) тақырып дәлел-дәйексіз-ақ ашылуы
- C) балаларға ойды жинақтауға, логикалы дәлелдерге сүйенуге көмектесуі
- D) оқушыларды қызықтыратын әртүрлі тақырыптарға арналған сөз сайысы
- E) олимпиада, жарыстар өткізілуі
- F) әркім өзін көрсете білуге тырысуы

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Түркі халықтарының тарихы

1. Қыпшақ хандығының ыдырау себебі:

- A) Сауданың нашарлауы
- B) Көрші тайпалардың шабуылы
- C) Қалалардың құлдырауынан
- D) Алым - салықтың көбейіп кетуінен
- E) Ақсүйектерінің арасында Хорезмді жақтаушылардың көбеюі
- F) Соғыстағы жеңілістер

2. Тонкөк жазба деректері бойынша, Шығыс түрік қағанатының арабтарға қарсы одақтасы болған Орта Азиялық күштер:

- A) Самарқан
- B) Бұхар
- C) Шаш
- D) Термез
- E) Ферғана
- F) Соғдылар

3. Түрік қағанатының жібек жолы үшін бәсекелестері:

- A) Араб халифаты
- B) Хазар қағанаты
- C) Қытайлық Суй және Тан әулеттері
- D) Боспор патшалығы
- E) Сасанидтік Иран
- F) Византия Империясы
- G) Гупталық Үндістан

4. Ұйғырлар 840 ж. Енисей қырғыздарынан жеңілген соң, қоныс аударған өлкелері:

- A) Шығыс Түркістанның Тұрфан алқабы
- B) Орта Азия
- C) Жетісу мен Сырдың орта ағысы
- D) Жетісу
- E) Ферғана мен Шаш
- F) Монғолияның теріскейі

5. Қарахан мемлекетінің алғашқы билеушісі:

- A) Хасан Боғра
- B) Сүлеймен-шах
- C) Мұса
- D) Сүлеймен-ілік
- E) Сатұқ Боғра

6. Батыс Түрік қағанаты иеліктерін мұралыққа алған түркі тілдес мемлекеттер:

- A) Көктүріктер
- B) Оғыз державасы
- C) Қарлұқ мемлекеті
- D) Ұйғыр қағанаты
- E) Енисей қырғыздары
- F) Тұрфан

7. Хулар аймағы, Сичжоу, Тинчжоу атаулар Қытай деректеріндегі түріктің аймақтары:

- A) Бесбалық
- B) Бұхар
- C) Тұрфан
- D) Жетісу
- E) Шаш
- F) Алмалық
- G) Шығыс Түркістан

8. Жетісуда ұлыстық хандардың бас ставкалары орналасты

- A) Есугей ұлысы
- B) Жошы ұлысының
- C) Сүбетей ұлысының
- D) Боорчу ұлысының
- E) Шағатай ұлысының
- F) Хабул хан ұлысының
- G) Шыңғысхан ұлысының

9. «Моголистан» (Могулистан) сөзінің этнонимі:

- A) Сяньби
- B) Қазақ
- C) Хазар
- D) Қырғыз
- E) Моғол
- F) Тюрк
- G) Моңғол

10. Осман империясы аталды:

- A) Порта
- B) Ислам мемлекеті
- C) Түрік Республикасы
- D) Оттоман Портасы
- E) Түрік империясы
- F) Оттоман империясы
- G) Республика

11. Қазан хандығындағы құрылтай:

- A) Атақты адамдардың бүкілхалықтық құрылтайы
- B) Діни съезд
- C) Халықтың өкілдігінің мекемесі
- D) Еуропалық парламент
- E) Әскер басшылар жиналысы

12. “Михман - нама - Бұхара” еңбегінде Ибн Рузбехан Исфаяни (XV ғ. соңы) өзбектер ретінде атаған халықтар:

- A) Шайбанилықтар
- B) Өзбектер
- C) Көшпелі өзбектер
- D) Ноғайлар
- E) Қазақтар

13. Қазақстан аумағындағы көлемі 30 гектардан асатын қалалар:

- A) Қарашық
- B) Сайрам
- C) Шортөбе
- D) Ясы
- E) Баршыкент
- F) Сығанақ

14. XIII ғ. ортасында Кавказ халықтарынан монғол билеушілері есебіне жиналған алым - салықтар:

- A) Иқта
- B) Сойырғал
- C) Почта; жол салу, күту міндеткерліктер
- D) Хассэ
- E) Малшылар әрбір 15 малдың біреуін беруге тиісті
- F) Райатвари
- G) Астық түсімінің 60% - дейін жер салығы

15. XVI ғ. ортасындағы Ноғай ордасының ыдырауына әсер етті:

- A) Оған қарасты қазақ тайпаларының Қазақ хандығына қосылуы
- B) Әмір Темірдің жорықтары
- C) Сібір хандығының шабуылы
- D) Бір бөлігінің Қызылбастарға бағынуы
- E) Бір бөлігінің орыс патшасына бағынуы

16. Қырғыз қоғамы феодалдардан тұрды:

- A) Билер
- B) Қағандар
- C) Әскери
- D) Тәуелділер
- E) Батырлар
- F) Княздар

17. Өзбек халқының шығу тегі мен ұлт болып қалыптасуы туралы шығармалар:

- A) Бабыр Захир – ад - Дин Мұхаммед «Бабырнама»
- B) М.Қашқари «Диуани луғат ат - түрік»
- C) Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарихи - Рашиди”
- D) Хафиз Таныш
- E) Әбілғазы «Түрік шежіресі»
- F) Шах Махмұд Чорос

18. Оғыздар құрамына ежелгі этникалық компоненттер кірді

- A) Гоби тайпалары
- B) Жетісу рулары мен Сібірдің көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары
- C) Хуанхэ өені тайпалары
- D) Кавказ тайпалары
- E) Волга жағалауындағы тайпалар

19. Селжүктер мен моңғолдар арасындағы соғыстың нәтижесі:

- A) Конье сұлтанатының құрылуы
- B) Селжүктер жеңісімен
- C) Моңғолдар түріктерден кебап пен донер жасауды үйренді
- D) Ыдыраудың басталуы және Селжүктер мемлекетінің құлауы
- E) Селжүктер моңғолдарға алым төлейтін болды
- F) Түріктердің ыдырауы және бейликтердің қалыптасуы

20. Кандждех жері және оның астанасы Субаникет жайында дерек беріп,оны Испиджаптан екі күндік жерде деп мәлімет беретін тарихшылар:

- A) Ибн Хордадбех
- B) Әл-Марвази
- C) Әл-Истахри
- D) М.Қашқари
- E) И.Маркварт

21. XV ғасырдың 2-ші жартысында Моғолстанның әлсіреу себептері:

- A) Қала тұрғындарының бүліктері
- B) Темір әулетінің шапқыншылығы
- C) Салықтардың көбеюі
- D) Шаруалардың көтерілістері
- E) Жұттың болуы
- F) Моғол хандарының алауыздығы
- G) Ойраттардың шабуылдары

22. Осман империясының гүлдену кезі:

- A) XIX ғ. аяғы
- B) XVI ғ.басы
- C) 1888 ж.
- D) XVI ғ.екінші жартысы
- E) 1590 ж.
- F) XVI ғ. аяғы

23. Қырғыз халқының қалыптасу үдерісі:

- A) Маньчжурлармен байланысты
- B) XX ғасырда аяқталды
- C) Тянь-Шань маңында басталды
- D) Түркі тайпаларымен байланысты
- E) XVIII ғ. 2-ші жартысында аяқталды

24. Қырғыздардың музыкалық аспаптары:

- A) Баян
- B) Керней
- C) Барабан
- D) Қыл қиақ
- E) Сырнай

25. Христан дінін ұстайтын түркі халықтары:

- A) Тофалар, чуваштар
- B) Грек - кипрліктер
- C) Шорлар, долгандар
- D) Караимдар
- E) Қырым татарлары
- F) Қазақтар, өзбектер
- G) Украиндықтар, молдавандар

**Түркі халықтарының тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**